## "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 12 қыркүйектегі N 256-ө Өкімі

1. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне қарауға енгізсін;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2007 жылғы 12 қыркүйектегі
N 256-ө өкімімен
бекітілген

### "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

| Р/с N | Нормативтік құқықтық актінің атауы | Актінің нысаны | Орындауға жауапты мемлекет-тік орган | Орындау мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1. | Республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы | Қазақстан Республи-касы Үкіметінің қаулысы | Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі | 2007 жылғы қыркүйек |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2. | Мемлекет меншігіндегі тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалануға жалдау ақысының ставкаларын бекіту туралы | Қазақстан Республи-касы Үкіметінің қаулысы | Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі | 2007 жылғы қыркүйек |
| 3. | Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және күтіп-ұстау ережесін бекіту туралы | Қазақстан Республи-касы Үкіметінің қаулысы | Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі | 2007 жылғы қыркүйек |
| 4. | Тарих және мәдениет ескерткіштерін анықтау, есепке алу, оларға мәртебе беру мен одан айыру ережесін бекіту туралы | Қазақстан Республи-касы Үкіметінің қаулысы | Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі | 2007 жылғы қыркүйек |
| 5. | Тарих және мәдениет ескерткіштеріне қорғау міндеттемелерін беру ережесін бекіту туралы | Қазақстан Республи-касы Үкіметінің қаулысы | Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі | 2007 жылғы қыркүйек |
| 6. | Халықаралық және респуб-ликалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалануға беру ережесін бекіту туралы | Қазақстан Республи-касы Үкіметінің қаулысы | Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі | 2007 жылғы қыркүйек |
| 7. | Тарихи-мәдени сараптама жүргізудің ережесін бекіту туралы | Бұйрық | Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі | 2007 жылғы қыркүйек |
| 8. | Тарихи-мәдени мұра объектілерінің қорғау аймақтарын, құрылыс салуды реттеу аймақтарын және қорғалатын табиғи ландшафт аймақтарын айқындаудың ережесін және пайдалану режимін бекіту туралы | Бұйрық | Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі | 2007 жылғы қыркүйек |
| 9. | Жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы | Облыстар ( республи-калық маңызы бар қала, астана) | Облыстар (республика - лық маңызы бар қала, астана) әкімдіктері | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | әкімдікте-р і н і ң қаулылары | | 2 0 0 7 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | ж ы л ғ ы қыркүйек |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК